

«№36 қазақ орта мектебі» КММ-сі

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырысы

Ақтөбе қаласы, 2021жыл



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«01» 09 2021 жылғы

№137

«01» 09 2021 года

Құқық бұзушылықтың
алдын алу Кеңесін
құру туралы

Оқушылардың арасында девиантты мінез-құлықтың пайда болуы, балалардың қадағалаусыз және қараусыз жүруінің, құқықбұзушылықпен қылмыстың алдын алу мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Төмендегі құрамда алдын алу Кеңесінің құрамы бекітілсін:
Кеңес төрағасы: А.Назиков – мектеп директоры
Мүшелері: Р. Салекина-мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
М. Қожахметов – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
М. Қуанышева - мектеп психологы
Ж. Алиева – мектеп психологы
А.Мутушева - әлеуметтік педагог
Н.Баймағамбетов - ата-ана
А.Санғалиева – педагог ұйымдастырушы
КТІЖИ УПИ инспекторы
2. 2021-2022 оқу жылына арналған алдын алу Кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Жоспар бойынша алдын алу Кеңесі айына 1 рет өткізілсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Салекинаға жүктелсін.

Мектеп



А.Назиков

«Бекітемін»

Мектеп директоры
А.Назиков



Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің жұмыс

жоспары

2020-2021 оқу жылы

№	Күн тәртібінде	Мерзімі	Жауапты
1	<p>Тақырыбы: «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу – басты міндет»</p> <ol style="list-style-type: none">1. Кеңес мүшелерін бекіту.2. Алдын алу Кеңесінің ережесімен танысу.3. Оқушыларды мектепішілік есепке қою және есептен шығару ережелері туралы ережемен таныстыру.4. Жасөспірімнің жеке басын психологиялық және педагогикалық түзету және оның деформациясының себептерін жою бойынша психологтардың жұмыс жоспарын бекіту;5. Әлеуметтік педагогтың 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту;6. Оқушыларды ыстық тамақпен қамту;7. «Тәуекел» тобына алынған оқушылардың әлеуметтік жағдайын зерттеу;8. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі отырысы	қыркүйек	<p>А.Назиков – мектеп директоры Р.Салекина – м.д.т.і.ж.о.</p> <p>Ж.Алиева – психолог</p> <p>А.Мутушева – әлеуметтік педагог</p> <p>Р.Салекина – м.д.т.і.ж.о</p>
2	<p>Тақырыбы: «Отбасы қолайсыздығының себебін анықтау»</p> <ol style="list-style-type: none">1. Сынып жетекшілерінің «Тәуекел» тобына алынған оқушылармен жүргізген жеке жұмыстарының есебі;2. Екінші әке немесе анамен тұратын оқушыларды анықтау, жеке жұмыстар жүргізу;3. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы ақпарат.4. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі отырысы	қазан	<p>Р.Салекина – м.д.т.і.ж.о</p> <p>Сынып жетекшілеі</p> <p>А.Мутушева – әлеуметтік педагог</p> <p>Р.Салекина – м.д.т.і.ж.о</p>
3	<p>Тақырыбы: «Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру»</p> <ol style="list-style-type: none">1. Күзгі демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру	қараша	<p>А.Санғалиева – ұйымдастырушы педагог</p>

	2. Зиянды әрекеттің алдын алу 3. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі отырысы		Н.Дүйсенбаева – медбике А.Мутушева – әлеуметтік педагог Р.Салекина – м.д.т.і.ж.о
4	Тақырыбы: «Құқықбұзушылық және жауапкершілік» 1. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырысы 2. Есепке алынған оқушылармен жеке жұмыс (сауалнамалар, тест, тренинг)	желтоқсан	Р.Салекина – м.д.т.і.ж.о Сынып жетекшілері Ж.Алиева - психолог
5	Тақырыбы: «Жасөспірімдерді қылмысқа интермелейтін не?» 1. Сабаққа үнемі кешігетін оқушылармен жұмыс 2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырысы	қаңтар	М.Қожахметов – м.д.т.і.ж.о. Р.Салекина - м.д.т.і.ж.о.
6	Тақырыбы: «Жалпы адамгершілік құндылық» 1. Құқықтық білімдерін тексеру (тест, сауалнама жүргізу) 2. МІЕ және КТІ инспекторы есебіндегі оқушылардың қысқы демалысын ұйымдастыру. 3. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырысы	ақпан	А.Мутушева – әлеуметтік педагог Ж.Алиева – психолог Сынып жетекшілері Р.Салекина – м.д.т.і.ж.о.
7	Тақырыбы: «Заң. Құқық. Жауапкершілік» 1. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырысы 2. Есепте тұрған және себепсіз сабақ жіберетін оқушылардың үйіне рейд 3. Ата-аналаар және класс жиналыстарына қатысу	сәуір	Р.Салекина – м.д.т.і.ж.о. А.Мутушева – әлеуметтік педагог Сынып жетекшілері
8	Тақырыбы: «Құқықтық мәдениетті арттыру» 1. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырысы 2. Жазғы демалыстарды ұйымдастыру	мамыр	Р.Салекина – м.д.т.і.ж.о. А.Мутушева – әлеуметтік педагог М.Қожахметов – м.д.т.і.ж.о.

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырысы
Х А Т Т А М А №1

Ақтөбе қаласы

02.09.2021ж

Тақырыбы: «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу – басты міндет»

Қатысқандар : Кеңес төрағасы: А.Назиков – мектеп директоры

Мүшелері: Р.Салекина-мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

М.Қожахметов - АӘД пәнінің оқытушы - ұйымдастырушысы

М.Қуанышева - мектеп психологы

Ж.Алиева – мектеп психологы

А.Мутушева - әлеуметтік педагог

Н.Баймағамбетов - ата-ана

А.Санғалиева – педагог ұйымдастырушы

КТІЖИ УПИ инспекторы

Шақырылды: Сапарова Гүлсаяның анасы - Жуматова Тамара

Күн тәртібінде:

1. Құқық бұзушылықпен қылмыстың алдын алу кеңесін құрамын бекіту - А.Назиков (мектеп директоры)
2. 2021-2022 оқу жылында Зауыт ПБ - нің , мектепішілік есепке және «Тәуекел» тобына алынатын оқушыларды анықтау , 2020-2021 оқу жылындағы есепте тұрған оқушыларды есептен шығару – А.Мутушева (әлеуметтік педагог)
3. 9в сыныбының оқушысы Сапарова Гүлсаяның тәртібі туралы
4. Оқушыларды мектептің типтік ережелерімен таныстыру

Тыңдалды: 1-ші мәселе бойынша А.Назиков : - 2021-2022 оқу жылына арналған қоғамдық Кеңестің жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Бекітілген жұмыс жоспары бойынша Қоғамдық кеңес айына бір рет өткізіледі.

2-ші мәселе бойынша А.Мутушева: - 2020 - 2021 оқу жылында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстар айтылды. Байғанин Ерасылдың негізгі мектепті аяқтап, арнайы білім беру мекемесіне түсуіне байланысты мектепішілік есептен шығарылды. Тәуекел тобындағы Каербаяев Диас, Каербаяев Назар, Базарбай Нұрдаулет, Каиров Есет тізімде қалдырылсын.

3-ші мәселе бойынша Р.Салекина: - Бүгінгі кеңесте қаралатын мәселенің бірі 9в сынып оқушысы Сапарова Гүлсая туралы болмақ. Тамыз айының 28-і күні Елек ПБ-нің хабарлауы бойынша оқушы 10:00де үйінен шығып 23:30да 11 шағын мөлтек ауданынан тапқандығын хабарлады. Оқушының кештетіп үйінен кетуіне не себеп?

А.Байзақова: - Гүлсая 28 күні отбасында болған кикілжің әсерінен әкесінің сөзін көтере алмағандықтан, сағат 10:00 де үйінен шығып кетеді. Шығып кеткеніне біраз уақыт болғаннан кейін, әрі телефон қоңырауын көтермеуіне байланысты ата-анасы 102-ге хабарласып іздей бастайды. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының хабарынан кейін менде іздей бастадым. Гүлсая 5 сыныптан бастап Өнер орталығындағы хор үйірмесіне қатысатын. Сол үйірмеге қатысатын №22 ОМ-де оқитын Алдияр есімді оқушы арқылы табады. Гүлсая өте ұяң, сыныптағы белсенділігі және оқу үлгерімі орташа.

Ж.Алиева: - Ата-ана сөйледі екен деп үйден кете береміз бе? Сені үйде кім қадағалайды? Кешкілік уақытта далада жалғыз жүруге қорқыныш жоқ па? Болашақта бұл іс-әрекетің қайталанар ма?

Гүлсая: - Үйде әкем қадағалайды. Сол уақытта ашу үстінде қорқыныш туралы ойламадым. Қайталанбайды. Соңы осындай болады деп ойламадым.

М.Қожахметов: - ата-ана баланы ерекше қадағалауға алу керек. Өтпелі кезең дегеніміз тағы бар. Бұндай жағдай нешінші рет қайталанып тұр?

Ата-ана: - Уайымдатқанымыз үшін сіздерден кешірім сұраймын. Бұрын сонды бұндай қылығы болмағандықтан алаңдадық, себебі қазіргі кезде әлеуметтік желілерден неше түрлі оқиғаларды естіп жатамыз. Енді бұндай қайталанбайды. Баланы қатаң қадағалауға аламын.

4-ші мәселе бойынша Р.Салекина : - Оқушыларға арналған ішкі тәртіп ережелерінің негізгі талаптары, оқушыларға әсер ету және оларға көмек көрсету шаралары, мәдени тәртіптің бірыңғай нормалары туралы айтылды.

Шешім:

1. Құқық бұзушылықпен қылмыстың алдын алу Кеңесі құрамы бекітілсін, жоспар бойынша айына 1 рет Кеңес өткізілсін.
2. Зауыт ПБ-нің КТІЖИ УПИ есебіне, мектепішілік есепке және «Тәуекел» тобына алынған оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілсін.
3. 9в сынып оқушысы Сапарова Гүлсая мектепішілік есепке алынсын.
4. Сабаққа қатысымын, сабақ үлгерімін, тәртібін қадағалау сынып жетекшісі А.Байзақоваға, жеке жұмыстар жүргізу мектеп психологы Ж.Алиеваға, әлеуметтік тұрмыстық жағдайын зерттеу мектептің әлеуметтік педагогы А.Мутушеваға міндеттелсін.
3. Мектептің ішкі тәртіп ережелерінің орындалуы қадағалансын.
4. Осы шешімнің орындалуын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Салекинаға жүктелсін.

Кеңес төрағасы:

А.Назиков

Хатшы:

А.Мутушева



Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырысы
Х А Т Т А М А №2

Ақтөбе қаласы

13.09.2021ж

Қатысқандар : Кеңес төрағасы: А.Назиков – мектеп директоры
Мүшелері: Р.Салекина-мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
М.Қожахметов - АӘД пәнінің оқытушы - ұйымдастырушысы
М.Қуанышева - мектеп психологы
Ж.Алиева – мектеп психологы
А.Мутушева - әлеуметтік педагог
Н.Баймағамбетов - ата-ана
А.Санғалиева – педагог ұйымдастырушы
КТІЖИ УПИ инспекторы

Күн тәртібінде:

- 1.«Тәуекел» тобындағы оқушылармен мектеп психологтарының жұмысы
Ж.Алиева – мектеп психологы ;
2. Едилова Асель 9 (б) отбасылық қарым-қатынасы туралы
3. Жумабаев Исмаил (7ә), Ғазиз Жансеріктің (бв) тәртібі туралы

Тыңдалды: 1-ші мәселе бойынша Ж.Алиева: Жоспарға сәйкес 2021-2022 оқу жылының басында тәуекел тобындағы әр оқушыға жеке құжаттары әзірленді. Оған:оқушы туралы мәлімет, педагогикалық психологиялық даму картасы, педагогикалық-психологиялық мінездемесі, оқушының мектепке бейімделуіндегі оқу мотивациясын анықтау сауалнамасы, «аяқталмаған сөйлем», «менің көңіл күйім», «менің жанұям» әдістемелері алынып, қорытындылары шығарылып, жеке жұмыстар жүргізілді.

2-ші мәселе бойынша А.Мутушева: 2020-2021 оқу жылында жетім оқушымыз Едилова Асель өз қамқоршымен арақатынасының дұрыс еместігіне байланысты қамқоршыны шақырттық. Қамқоршының баланы қатаң қадағалауда ұстауы, оқушымыз Асельге ұнамайды екен. Қазіргі таңда болып жатқан оқиғаларға байланысты мысалдар келтіре отыра Асель және қамқоршы Идолова Сапия апайға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

3-ші мәселе бойынша Р.Салекина: - Бүгінгі кеңесте қаралатын мәселенің бірі 7ә сынып оқушысы Жумабаев Исмаил және бв сынып оқушысы Ғазиз Жансерік туралы болмақ. Қыркүйек айының 10-ы күні оқушылар мектепке электрондық темекі әкелген. Қоңырау кезінде оқушының қолынан көріп, сынып жетекшісіне ескертілді. Сынып жетекшілері мектепке акелуге болмайтын, яғни тиым салынған заттармен таныстыру жүргізбегенсіздер.

А.Денгилбаева: - Тиым салынған заттар туралы ескерттік, қол қойдыртып алдық. Ол түсіндіруіміз аздық етіп тұрған болар. Сабақ үлгерімі орташа. Жансерікті бұндайды күткен жоқпын. Ол затты қайдан білесің, бұрын сонды пайдаланып көрдің бе?

Исмаил: - Әкемнің қолданғанын көрдім, бірақ өзім қолданып көрген жоқпын. Ол затты да жерден тауып алдым. Содан соң мектепке әкелдім.

Г.Әубакирова: - Жерде жатқан заттың бәрін алып көре береміз бе? Кім тастап кеткенін қайдан білесің? Жеке гигиена туралы өткен тәрбие сағатында өттік қой.

Жансерік: - Кешіріңіздер! Ондай енді қайталанбайды.

Р.Салекина: - Мектепке артық зат әкелмеңіздер. Мектепке білім алу үшін келесіздер. Сынып жетекшілер сыныбымызда түсіндіру жұмыстарын күшейтіңіздер.

Шешім:

1. Мектепішілік есепке және «Тәуекел» тобына алынған оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілсін.
2. Едилова Асель «тәуекел» тобына алынсын
3. Сабаққа қатысымын, сабақ үлгерімін, тәртібін қадағалау сынып жетекшісі Г.Еркиноваға, жеке жұмыстар жүргізу мектеп психологы Ж.Алиеваға, әлеуметтік тұрмыстық жағдайын зерттеу мектептің әлеуметтік педагогы А.Мутушеваға міндеттелсін.
4. 7ә, 6в сынып оқушылары Жумабаев Исмаил, Фазиз Жансеріктің мектепішілік есепке алынсын.
5. Сабаққа қатысымын, сабақ үлгерімін, тәртібін қадағалау сынып жетекшілері А.Денгилбаеваға және Г.Әубакироваға, жеке жұмыстар жүргізу мектеп психологы Ж.Алиеваға, әлеуметтік тұрмыстық жағдайын зерттеу мектептің әлеуметтік педагогы А.Мутушеваға міндеттелсін.
4. Осы шешімнің орындалуын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Салекинаға жүктелсін.

Кеңес төрағасы:

А.Назиков

Хатшы:

А.Мутушева



Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырысы
Х А Т Т А М А №3

Ақтөбе қаласы

21.10.2021ж

Тақырыбы: «Отбасы қолайсыздығының себебін анықтау»

Қатысқандар: Кеңес төрағасы: А.Назиков – мектеп директоры

Мүшелері: Р.Салекина-мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
М.Кожаметов - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
М.Қуанышева - мектеп психологы
Ж.Алиева – мектеп психологы
А.Мутушева - әлеуметтік педагог
Н.Баймағамбетов - ата-ана
КТІЖИ УПИ инспекторы

Шақырылды: Баймағанбеттің анасы – Сатыбалдиева Назгүл, Тумаристің анасы – Мамбетназарова Гульназ, Жанеркенің анасы – Миманова Гулмира

Күн тәртібінде:

1. Екінші әке немесе анамен тұратын оқушыларды анықтау, жеке жұмыстар жүргізу – А.Мутушева;
2. 4а сынып оқушылары – Баймағамбет Азамат пен Толыбай Тумаристің тәртібі
3. 8ә сынып оқушысы – Сайлаубайқызы Жанеркенің тәртібі

Тыңдалды: 1-ші мәселе бойынша **А.Мутушева:** Екінші әке немесе анамен тұратын оқушылар анықталып, тізім жасалды. Әр оқушыға жеке папка жасақталды. Үйлеріне барып тұрмыстық жағдайымен танысылды.

2-ші мәселе бойынша А.Мутушева: 20.10.21 күні 4 «а» сыныбында табылған қағаз қиындыларын еден жуушы апай маған әкеліп берді. Сыныптың едені толған осындай қағаз деп. Осыны анықтау мақсатында қағазда көрсетілген телефон номері арқылы баламен ватцап желісі арқылы сөйлесілді. Сөйлесудің басты мақсаты ойынның шартын білу болды. Оқиғаның анығын білу үшін оқушы ретінде әңгіме жүрді. Диалог барысында ойынның шарты анықталмады. Сынып жетекшісі де бұл балалардың қоңырау барысында қағаз қиындыларын таратып жүргенін байқап, оқушылармен жеке жұмыстанады. Барлық сынып оқушылары осы оқушылардың ойнап жүргендігін бір ауыздан растайды.

Р.Салекина: сіздерді осы үшін шақыртып отырмыз. Баланың телефоннан не қарап отырғанын да бақылауда ұстауымыз керек.

Азаматтың анасы: - Азамат түстен кейін телефон арқылы дос баласымен сөйлесті, артық ешкіммен сөйлеспеді. Біз баламызға кино көруге және ойындарға кіру рұқсат етпейміз; Сіздермен сөйлескендігі туралы дәлел бар ма?

Ата-анаға ватцап желісі арқылы жүргізілген диалог көрсетілді. Ата-анаға баламен дос ретінде ашық сырласу ұсынылды.

Мектеп психологі М.Қуанышева: - Баланың бойында лидерлік қасиет бар. Соның әсерінен бала ойынды жүргізіп отыр. Оқушы белсенді, қорқынышты кино көргенді ұнатады. Және де ескеретін жайт «Игра в кальмаре» сериалының қорқынышты еместігін алға тартты. Оқушы ештеңенің мәнісін түсініп тұрған жоқ.

Тумаристің анасы:- Бізге бала шындығын айтып тұрған жоқ. Тумарис бұл ойынды ойнамағандығын айтып отыр. Мен мектеп психологы арқылы қызымның ойын білгім келеді. Психологпен жеке сөйлесем деп едім.

Мектеп психологі М.Қуанышева: - Әрине болады. Бірақ сіздің қызыңыз менімен жеке кеңесу үшін келген болатын. Оны сізге айтқанын немесе айтпағандығын білмедім.

Тумаристің анасы: - жоқ айтпады, сізден естіп отырмын. Мен қызымның сізбен диалог жүргізуін тікелей әрі жасырын (мені қызым көрмеуі тиіс) қатыссам деп едім.

Д.Қойшығұлова: - Мен қоңырау кезінде Тумаристің және Азаматтың осындай қағаз қиындыларын көргеннен кейін жеке сөйлестім және сынып оқушылары да бір ауыздан екеуінің ойын ойнап жүргендерін алға тартты. Келесі сабақта яғни көркем еңбек сабағында еркін тақырыпта сурет салуларын сұрадым. Сыныптың тең жартысы осы ойынның киіпкерлерін салып отыр.

Р.Салекина: - Әлеуметтік желілерден де естіп,біліп жүрген шығарсыз. Қаншама оқушы осындай ойынның құрбаны болып жатыр. Біздің мақсатымыз соның алдын алу. Балаңызбен сырласып, жақын бола отыра әрбір іс-әрекетін бақылауға алуға болады.

Ата-аналар: - Жақсы рахмет сіздерге ескертіп жатқандарыңызға. Бізде жеке балаларымызбен жұмыстанатын боламыз;

3-ші мәселе бойынша 8ә сынып жетекшісі А.Абдуллина: Жанерке себепсіз сабақтан көп қалады. Тәртібі жақсы, сабағы қанағаттанарлық деңгейде. Ауырып жатыр дегенімен ауырып жатқандығын растайтын анықтама әкелмейді.

М.Кожаметов: - Оқушының міндеті мектепке келіп сабақ оқу, ал ата-ананың міндеті баланы қадағалау; Себепсіз он күн қалған оқушы туралы мәлімет Қалалық Білім бөліміне жіберіледі. Содан кейін жергілікті «Ішкі істер полиция» қазметкерлері жұмыстанады. Сол себептен оқушының сабақтан қалмағаны бізге де, сізге де жақсы.

Жанеркенің анасы: - Кешірерсіздер! Денсаулығына байланысты көп қалатынымыз рас. Кейде үйден ем алып, поликлинаға бармаймыз, сондай кезде анықтама әкеле алмай жатамыз. Енді қайталанбайды.

Р.Салекина: - Оқушы денсаулығына байланысты сабақтан қалса міндетті түрде емханаға көрсетіңіз!

Шешім:

1. Оқушыларға ескерту берілсін.
2. Сабаққа қатысымын, сабақ үлгерімін, тәртібін қадағалау сынып жетекшілері А.Абдуллинаға және Д.Қойшығұловаға, жеке жұмыстар жүргізу мектеп психологы М.Қуанышқалиеваға, әлеуметтік тұрмыстық жағдайын зерттеу мектептің әлеуметтік педагогы А.Мутушеваға міндеттелсін.
4. Осы шешімнің орындалуын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Салекинаға жүктелсін.

Кеңес төрағасы:

А.Назиков

Хатшы:

А.Мутушева



Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырысы
Х А Т Т А М А №4

Ақтөбе қаласы

24.11.2021ж

Тақырыбы: «Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру»

Қатысқандар : Кеңес төрағасы: А.Назиков – мектеп директоры

Мүшелері: Р.Салекина-мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
М.Кожаметов - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
М.Қуанышева - мектеп психологы
Ж.Алиева – мектеп психологы
А.Мутушева - әлеуметтік педагог
Н.Баймағамбетов – ата-ана
КТІЖИ УПИ инспекторы

Күн тәртібінде:

1. Күзгі демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру – Р.Салекина (м.д.т.і.ж.о)
2. Ондасын Әнуарбектің (7г) тәртібі туралы
2. Сапарова Гүлсая (9в) тәртібі туралы

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша Р.Салекина: Оқушылардың демалысын дұрыс ұйымдастыру мақсатында жоспар құрылып, сынып жетекшілермен байланыс жасалды.

2-ші мәселе бойынша Р.Салекина: Әнуарбек не үшін жиналғанымызды біліп тұрған шығарсың ия? Қарашаның 24-і күні Арайлымның анасы Баимбетова Ләззаттан шағым түсті. Қызына сыныптасы Әнуарбек маза бермейді екен. Арайлым саған қалай тиіседі?

Арайлым: - Сабақ барысында және қоңырауда боқтайды, намысыма келетін сөздер айтады;

Әнуарбек: - Өзі де боқтайды, сосын мен де қалыспаймын.

А.Әбжамиева: - Әнуарбек саған ескерту жасайтын мұғалімдер де көп, Арайлымнан басқа да оқушыларға тыным бермейсің. Әкесі көп келе бермейді, көбіне анасы келеді. Анасына айтқанмен нәтиже болмай тұр.

Әнуарбектің анасы: - Мен күнде айтып отырмын, бірақ нәтиже жоқ. Шынына келгенде бағындыра алмай отырмын. Телефоннан тыйсам, әкесі телефон алып беріп жібереді. Ақша бермесем, әжесі салып жібереді. Міне, әкесі келді осы кісіге айтсаңыздар!

А.Мутушева: - Сіздер бөлек тұрасыздар ма? Әнуарбек қазір өтпелі кезеңнің оқушысы, сондықтан екі жақты тәрбиенің болуы маңызды. Сіз қалаға келмейсіз бе немесе балаңызды қасыңызға алсаңыз?

Әнуарбектің әкесі: - Ия әкем қайтыс болысымен анамның қасына кеткенмін. Әзір келе алмаймын анамның қасында адам жоқ. Баланы алып кетуге ол жақта үйде қарауға мүмкіншілік жоқ, анам егде жастағы кісі. Әнуарбек анаңды, мұғалімдеріңді тыңдайтын бол. Сендер үшін жүрмін осылай. Егер тағы ескерту түсетін болса мектептен шығарып алып, мал бақтыртатын боламын.

Арайлымның анасы: - Бұл дау негізі бастауыштан бері келе жатыр. Ол кезде балалық деп мән бермедік. Бірақ шыдамның да шегі бар, мен қызымның болашағына алаңдаймын. Қызым тұйықталып бара жатыр.

Әнуарбектің әкесі: - Сіздерден кешірім сұраймыз! Енді өз қолыма алатын боламын.

М.Кожаметов: - Әке орны ер бала тәрбиесінде ерекше орын алады. Сондықтан әкесі ретінде жанында болғаныңыз абзал.

Р.Салекина: - Жақсы, бірақ соңғы ескерту болсын!

3-ші мәселе бойынша Р.Салекина: - Гүлсаяның сабақ барысында бір реттік темекі тарқандығын сынып жетекшісі иісінен сезіп, оқушылардан сұрастыру арқылы анықтаған. Бұл химия пәні кезінде болған оқиға. Мұғалімнің сыныпта жоқтығын пайдаланып отыр. Бір реттік темекіні қайдан алдың?

Гүлсая: - 2-3 күн бұрын құрбымнан алған едім. Осы үш күн бойы таңертеңгісін тартып жүрдім. Бүгін тартып үлгермегендіктен сыныпта тарттым.

А.Байзақова: - Бұл оқиғаны сол бойда анасына жеткіздім. Оқушы бұрын соңды көзге түскендіктен, ата-анаға қадағалауын ескерттім. Бірақ бір жақты қадағалау аздық етіп отыр. Анасының айтуы бойынша көп нәрсені әкесі білмейтіндіктен, келесі де әкесін шақыртатын боламын.

М.Кожаметов: - Мектепке әкелуге болмайтын заттарға қол қойдыңыздар. Неліктен сақталмай отыр мектеп ережесі? Мектептің ережесіне бағынғыңыз келмесе басқа мектепке барыңыз.

Гүлсаяның анасы: - Кешірсіздер! Енді қайталанбайды. Үйден түсіндіру жұмысын жүргізетін боламын.

Шешім:

1. Ата-анасына ескерту берілсін.
2. Сабаққа қатысымын, сабақ үлгерімін, тәртібін қадағалау сынып жетекшісі А.Әбжамиеваға және А.Байзақоваға, жеке жұмыстар жүргізу мектеп психологы Ж.Алиеваға, әлеуметтік тұрмыстық жағдайын зерттеу мектептің әлеуметтік педагогы А.Мутушеваға міндеттелсін.
3. Осы шешімнің орындалуын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Салекинаға жүктелсін.

Кеңес төрағасы:

А.Назиков

Хатшы:

А.Мутушева



Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырысы
Х А Т Т А М А №5

Ақтөбе қаласы

15.12.2021ж

Тақырыбы: «Құқықбұзушылық және жауапкершілік»

Қатысқандар: Кеңес төрағасы: А.Назиков – мектеп директоры

Мүшелері: Р.Салекина-мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

М.Қожахметов - АӘД пәнінің оқытушы - ұйымдастырушысы

М.Қуанышева - мектеп психологы

Ж.Алиева – мектеп психологы

А.Мутушева - әлеуметтік педагог

Н.Баймағамбетов - ата-ана

А.Санғалиева – педагог ұйымдастырушы

КТІЖИ УПИ инспекторы

Күн тәртібінде:

1. Есепке алынған оқушылармен жеке жұмыс

Тыңдалды:

Р.Салекина: - Есепке алынған оқушылардың тізімі сынып жетекшілеріне және мектеп психологтарына берілді. Жеке құжат тағайындалу ұсынылды.

Ж.Алиева: - «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында сауалнама алынды, сонымен қатар оқушыны ортаға бейімдеу мақсатында «Дос болам десең, досыңды сыйла!» тақырыбында тренингтер өткізілді. Тренингтің мақсаты: сыныптастар арасындағы қарым-қатынасты нығайту, «достық» сөзінің мағынасын кеңінен түсіндіру. Нәтижеге жету үшін тренинг барысында неше түрлі жүргізілген ойындар, жаттығулар қолданылды. Қажет болған жағдайда жеке сөйлесіледі. Ұсыныс: оқушылар бір-бірін сыйлау, достық қарым-қатынасын нығайту үнемі қалыптастырса;

А.Мутушева: - Оқушыларға жеке құжаттар тағайындалды. Сынып жетекшілері оқушыны қадағалауға дәптерлер арнады. Оқушылардың тұрмыстық жағдайымен танысу мақсатында үйлеріне барып АКТ жасақталды.

Сынып жетекшілер: - Ата-анамен байланыстамыз. Оқушының әрбір әрекетін ата-анаға хабарланып отырады. Оқушыны ортаға бейімдеу, жаңа қырларын ашу мақсатында мектеп іс-шараларына және сынып сағаттарына араластырамыз.

Шешім:

1. Есепке алынған оқушылардың көзқарастарын өзгерту, оқушының жаңа қырларын ашу сынып жетекшілеріне және ұйымдастырушы педагогқа міндеттелінсін.
2. Осы шешімнің орындалуын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Салекинаға жүктелсін.

Кеңес төрағасы:

А.Назиков

Хатшы:

А.Мутушева



Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырысы
Х А Т Т А М А №6

Ақтөбе қаласы

25.01.2022ж

Тақырыбы: «Жасөспірімдерді қылмысқа итермелейтін не?»

Қатысқандар : Кеңес төрағасы: А.Назиков – мектеп директоры

Мүшелері: Р.Салекина-мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
М.Кожаметов - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
М.Қуанышева - мектеп психологы
Ж.Алиева – мектеп психологы
А.Мутушева - әлеуметтік педагог
Н.Баймағамбетов – ата-ана
КТІЖИ УПИ инспекторы

Шақырылды: Толғанайдың анасы – Сағындықова Камшат, Исламның анасы – Тажиданова Айнагүл, Тілеуханның анасы – Рысқалиева Құндызай

Күн тәртібінде:

1. Сабаққа үнемі кешігетін оқушыларды анықтау ;
2. 7 «б» сынып оқушылары Алиев Ислам мен Әділұлы Тілеуханның тәртібі

Тыңдалды: 1-ші мәселе бойынша М.Кожаметов: 2021-2022 оқу жылының бірінші жарты жылдығы бойынша іріктеу жүргізіліп ең көп кешігетін оқушылар анықталды. Сынып жетекшісі мен ата-анасы шақыртылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мектеп инспекторы сабақтан себепсіз 10 күн қалса, істі өздері қарайтынын ескертті.

2-ші мәселе бойынша Р.Салекина: - Жаңа жылдың қарсаңында, соңғы сабақ күні Ислам мен Тілеухан сыныптастары Толғанайды мешурамен қылғындырған. Оны сынып жетекшісі бізден жасырады. Бірақ бұл мәселе шешімін таппай бүгінгі күнге дейін созылып отыр.

Толғанайдың анасы: - мен бұл жағдайды осынша созбайтын да едім. Бірақ Исламның анасы оқиға болысымен маған қоңырау шалды да, Тілеуханның анасы бір де бір рет хабарласпады. Тіпті кешірім сұрамады звондап.

З.Нугманова: - Оқиғаны естісімен мен, Ислам мен Тілеуханның аналарына қоңырау шалып, бұл жағдайды ушықтырмай реттеуге кеңес бердім. Бірақ неге екенін білмеймін Тілеуханның анасы олай жасамапты. Мен телефон номері мен адресіне дейін екі ата-анаға жазып жібердім.

Исламның анасы: - Апайы қоңырау шалысымен сол бойда Толғанайдың анасына звондап кешірім сұрап, келесі күні баламды ертіп үйіне бардым. Балам үшін ол әрекетімді ар санамадым. Болған жағдай үшін кешірім сұрап, татуласуға бардым.

Толғанайдың анасы: - Ия Исламның анасы сол күні ақ хабарласты риза болдым. Ал Төреханның анасы бір қоңырау шалуға жарамады. Тек Қаңтар айының 18-і күні қоңырау шалды. Менің намысыма шамбайыма өте қатты тиді. Неге сол бойда келмеді немесе хабарласпады.

Төреханның анасы: - Кешірерсіз? Мен сәл ашуын бассын, сосын сөйлесеміз деп ойлады. Артық ойым болмады. Сол уақытта ми шайқалған деген диагноз қойылып, ешқайда шыға алмадым.

З.Нугманова: - Неге тым болмағанда телефон соқпадыңыз?

Төреханның анасы: - Ашуға булығып тұрған болар, сәл ашуын бассын деп едім.

Толғанайдың анасы: - Баласын басқа мектепке әкетсін, қызыммен бір мектепте оқығанын қаламаймын.

М.Кожаметов: - Кешірсіз ата-ана біздің мектептен балаңызды алып кетіңіз деп айтуға құқығымыз жоқ. Алдымызға бірінші рет келіп отырғандықтан ескерту береміз, оқушыны бақылауда ұстаймыз.

А.Мутушева: - Бұл жерде ата-аналар сіздердің өзара келіспеушіліктеріңіз. Бір-біріңізге ерегесіп отырсыздар.

Р.Салекина: - Ия, бір-бірлеріңізден кешірім сұрап, балаларыңыз үшін тату болыңыздар. Кешірім сұрағаннан кішірейіп кетпейсіздер. Оқушыларға алдымен өзіміз үлгі болуымыз керек.

Шешім:

1. Ата-анасына ескерту берілсін.
2. Сабаққа қатысымын, сабақ үлгерімін, тәртібін қадағалау сынып жетекшісі
3. Нугмановаға, жеке жұмыстар жүргізу мектеп психологы Ж.Алиеваға, әлеуметтік тұрмыстық жағдайын зерттеу мектептің әлеуметтік педагогы А.Мутушеваға міндеттелсін.
3. Осы шешімнің орындалуын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Салекинаға жүктелсін.

Кеңес төрағасы:

А.Назиков

Хатшы:

А.Мутушева



Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырысы
Х А Т Т А М А №9

Ақтөбе қаласы

04.05.2022ж

Тақырыбы: «Құқықтық мәдениетті арттыру»

Қатысқандар : Кеңес төрағасы: А.Назиков – мектеп директоры

Мүшелері: Р.Салекина-мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

М.Қожахметов - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

М.Қуанышева - мектеп психологы

Ж.Алиева – мектеп психологы

А.Мутушева - әлеуметтік педагог

Н.Баймағамбетов - ата-ана

А.Санғалиева – педагог ұйымдастырушы

КТІЖИ УПИ инспекторы

Шақырылды: Каиров Есеттің анасы – Каирова Ажарбике

Күн тәртібінде:

1. Каиров Есеттің тәртібі

Тындалды: Р.Салекина: - Бүгінгі отырыстың болуына Есеттің тәртібі себеп болып отыр. Есет төртінші тоқсанда сабақты себепсіз қалдырып, мектепке келмей отыр. 3-ші сыныптан бері көп қалатын, бірақ қалған күндеріне дәлел ретінде медициналық анықтамасын әкелетін.

А.Назиков: - Есеттің өзі неге жоқ? Бұл отырыстың Есеттің тәртібі жайлы болмақ қой?!

М.Қожахметов: - Анасының айтуы бойынша Есет бүгінгі отырысқа келуден бас тартты. Отырысқа келуіне көндіру мақсатында мектеп инспекторымен бірге үйіне бардық. Есет үйінде, бірақ сөз ұғатын емес. «Бармаймын» деп біздің де бетімізді қайтарды.

Мектеп инспекторы: - Сіздің өзіңіз балаңызды тындата алмай отырсыз? Балаңыз неліктен мектепке келгісі келмейді.

Ата-ана: - Ол кішкентайынан ауыратын, дәрігердің қарауында учетта тұрмыз. Жыл сайын атақты невропатолог дәрігер Демеуоваға қаралатын едік. Осы жолы ұмытып кеткенбіз, дәрісін емін алғаннан кейін қоятын еді бұндай мінездерін.

Г.Жалимова: - Сіз қалған күндеріңіздің барлығына анықтама әкелетінсіз. Соңғы қалғанын да мен себебін білу үшін сізге хабарласқан болатынмын. Сол кезде сіз Есеттің барғысы келмейтіндігін айтқансыз. Келесі күні үйіңізге мектеп психологімен бірге барғанда сіз үйде болмадыңыз. Келесі күні тағы келмегендіктен сізге хабарласқанымда, сіз балаңыздың тіл алмайтындығын, менің келіп оқушымен сөйлесуімді өтіндіңіз.

А.Назиков: - Бір сөзбен айтқанда сіз балаңызды тындата алмай отырсыз. Сәуір айының 26-сы күні тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және сынып жетекшісімен бірге сіздің үйге барғанбыз. Ол күні де Есет сөзімізді аяғына дейін тындамай агрессивті мінез-құлық танытып, столды ұрып, тұрып кетті. Ол барып тұрған бізді сыйламай тұр, анам деп сізді сыйламай тұр. Болашағын балаңыздың елестетіп көрдіңіз ба? Қазір тындамай тұрған бала өскен уақытында сізді тындайды деп ойлайсыз ба?

Мектеп инспекторы: - Біз де үйіне барған уақытта агрессивті мінез-құлық көрсетіп, анайы сөздерін айтты. Ол үйінде ешкімді тындап отырған жоқ. Бөлмесіне кіріп кеткен уақытында артынан кіргенімде өмір сүргісі келмейтіндігін, барлығынан шаршағандығын айтты. Ал анасы бұл жайға алаңдап отырған жоқ, барлығы еркеікпен дейді. Мен Есеттің мінез-құлқынан қорқа бастадым.

А.Назиков: - Еркеліктің де шегі болуы керек. Еркелік жақсылыққа әкелмейді. Сіз неге балаңызды ойламайсыз. Балаңыз сіздің еркелеткеніңізден жақсы іс-әрекеттер жасап отырған жоқ. Бір нәрсеге ұрынған жағдайда кім жауап бермек.

Ата-ана: - Маған жақсы характеристика керек. Баламды келесі оқу жылы басқа мектепке ауыстырамын.

А.Назиков: - Біз қалай жақсы мінездеме береміз, егер сабаққа келмейтін болса, мұғалімді яғни бізді сыйламай теріс қылық көрсететін болса.

Р.Салекина: - Сіз балаңыздың бұндай қылығын бірнеше рет жасырып келдіңіз? Неге ауырып жатыр деп жасырдыңыз?

Г.Жалимова: - Сіз Есетті мектепке бармаймын деп жатыр деген күні үйіңізге бардық. Сол уақытта Есет үйде болды, менің көндіруіме де қарамаған болатын. Бірақ сіз сол күндердің өзіне бүгін денсаулығына байланысты анықтама әкеліп тұрсыз. Бұл анықтамаларыңыз дәлелді ма? Бізде күдік бар?!

Ата-ана: - Балам дәрігердің есебінде тұр. Дәрігерімізден сұрасаңыз болады.

Мектеп инспекторы: - Мен Есетті өз есебіме аламын.

А.Назиков: - Бізде жалған анықтама алғызып, оның дәлелсіз екендігі анықталғандар болды. Біз сондықтан барлығын тексертеміз. Біз де оқушымыздың өміріне алаңдаймыз. Қазір сіз өзіңіз балаңызды тыңдата алмай отырсыз. Бірігіп тәрбиелейік.

Шешім:

1. Есет Зауыт ПБ-нің КТІЖИ УПИ есебіне алынсын.
2. Сабаққа қатысымын, сабақ үлгерімін, тәртібін қадағалау сынып жетекшісі Г.Жалимоваға, жеке жұмыстар жүргізу мектеп психологы Ж.Алиеваға, әлеуметтік тұрмыстық жағдайын зерттеу мектептің әлеуметтік педагогы А.Мутушеваға міндеттелсін.
3. Осы шешімнің орындалуын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Салекинаға жүктелсін.

Кеңес төрағасы:



А.Назиков

Хатшы:

А.Мутушева